

Хаттама № 8

«Тасарык» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2024 жылдың 23 сәуір күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Қатысуға тиісті – 41

Қатысқаны – 35

Дәлелді себептермен қатыспағаны - 6

Күн тәртібінде:

1. Көркем еңбек, АӘД, музыка, дене шынықтыру пәндерінің берілуі. /Б. Аханова/
2. Мектепшілік «Ұлттық құндылық- ұлт болашағы» атты бастауыш пәндері бірлестігінің, «Өнер- канат, білім- санат» атты эстетикалық пәндер бірлестігі апталығының қорытындысы./Б.Аханова/
3. Білім беру салалары бойынша тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейі. /Г. Тәштитова/
4. Мектепшілік бақылау: А) Білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу. Ә) Мұғалімнің өзін-өзі дамытуға дайындық деңгейін анықтау. Б) Тұлғаның шығарма-шылық әлеуетінің деңгейін бағалау тәжірибелерін анықтау. / Б. Аханова/
5. ББЖМ және халықаралық зерттеушілерге дайындық барысы туралы / Б. Аханова/

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова шығып Көркем еңбек, АӘД музыка, дене шынықтыру пәндерінің берілуі туралы баяндады. Кестеге сәйкес сыныптар бойынша сабақтар уақытымен өткізілуде. Дене шынықтыру пәні бойынша 4 мұғалім сабақ береді. 2 сарапшы, модератор. Сабақ барысында қауіпсіздік ережесін сақтай отырып, әр сыныптың жас ерекшелігін ескере отырып жаттығу жұмыстары жасалуда. Көркем еңбек пәні бойынша 4 мұғалім сабақ береді. Сабақ барысында жоспарға сәйкес тақырып аясында жүргізілуде. Дегенмен күнделікті сабақ барысында жаңаша әдіс тәсілдерді қолдану, оқушыларға қабілеттеріне қарай тапсырмалар беріп, нәтижелі жұмыс жасауына қолдау білдіру керек ескертілді. Мұғалімдердің сабақтарына кіріп өзара тәжірибе жинақтау керек. АӘД пәні бойынша талапқа сай уақытылы сабақ өткізілуде. Сабақ барысында оқушылар белсенділікпен қатысып тапсырмаларды орындауда. Жас маман болса да ізденімпаздықпен жұмыс жасап нәтижелі жұмыстар жүргізуде.

Ұсыныс: Алдағы уақытта пән мұғалімдері күнделікті сабақта жаңаша әдіс - тәсілдерді қолданып, оқушылардың формамен келуін қалыптастырып, сабақ барысында қолданатын құралдар қоры жаңартылса.

Екінші мәселе бойынша мектепшілік «Ұлттық құндылық – ұлт болашағы» атты бастауыш пәндері бірлестігінің, «Өнер – канат, білім - санат» атты эстетикалық пәндер бірлестігі апталықтарының қорытындысы туралы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова: 8-12 сәуір аралығында «Ұлттық құндылықтар -ұлт болашағы» атты бастауыш пән бірлестігінің апталығы өткізілді. Апалық барысында жоспарға сәйкес ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар өткізілді. Әрбір сабақ барысында жаңаша әдіс-тәсілдер қолданылды. Ұзақ қоңырау кезінде көңілді үзілістер өткізіліп, оқушылардың қызығушылығын арттырды. Өткізілген сайыстардан жүлделі орын алған оқушылар мақтау қағазбен, алғыс хаттармен марапатталды. Апталықтың ерекшелігі тақырыпқа сай ұлттық нақышта көрнекі құралдармен жасақталған.

Эстетикалық пәндер бойынша 15-19 сәуір аралығында «Өнер – канат, білім- санат» атты апталық өткізілді, апталық барысында жоспар бойынша сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар жүргізілді. Сабақ кезінде жаңаша әдіс-тәсілдер қолданып, оқушылар қызығушылықпен, белсенділікпен қатысты. Сыныптан тыс жұмыстар барысында командалық жарыстар өткізіліп, жеңімпаз топтар марапатталды.

Ұсыныс: Апталық барысында үздік деп танылған сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар баспа беттеріне жарияланса.

Үшінші мәселе бойынша білім беру салалары бойынша тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейі туралы «Қуаныш» шағын орталықтың әдіскері Г.Таштитова шығып баяндады. Ол өз сөзінде тәрбиелеу мен оқыту мазмұнына қойылатын нормалар мен талаптар жүйесін белгілейтін мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес 2023-2024 оқу жылында «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша жұмыс жүргізіліп жатырғандығын атап өтті.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Индикаторлар – білім беру салалары бойынша баланың жасына сәйкес күтілетін нәтижелерге жету көрсеткіштері. Күтілетін нәтижелер баланың әр жас топтарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған. Баланың күтілетін нәтижелерге жетуі педагогтың баланың дамуын үнемі бақылауы яғни диагностика арқылы іске асырылады. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІКТЕРІ МЕН ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ТӘСІЛДЕРІ Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;
- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын; - Бақылу парға мен Баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерін білуі;
- мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін;
- баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістері: бақылау, ойын жағдаяттарын құру, ойын, әңгімелесу, сұрақтар мен жауаптар, өнімді әрекет түрлерін;
- мектепке дейінгі жастағы баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін есептеу әдістерін;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруі қажет. Мониторингтің субъектісі мектеп жасына дейінгі 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалар.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейі болуын қарастырады және бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жасына сәйкес іске асырылады:

- 1) 1-деңгей-бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;
 - 2) 2-деңгей- бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі білім қорына ие;
 - 3) 3-деңгей-бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше шығармашылықпен қолданады.
- Мониторинг нәтижелерін алу әдістері: - балаларды бақылау; - әңгімелесу; - бала әрекетінің өнімдерін талдау; - диагностикалық жағдаяттар. Жетекші әдіс – бақылау, ол балаға табиғи жағдаятта, күнделікті өмірде жүргізіледі. Диагностиканы жүргізу кезеңдері: жылына 3 рет – оқу жылының басында, ортасында және соңында: - бастапқы – қыркүйек; - аралық – қаңтар; - қорытынды – мамыр. Мониторинг жүргізу бірінші кіші топтан басталады.

ҚОРЫТЫНДЫ Балалардың білік пен дағдысының даму деңгейін қадағалауға негіздеме болып табылатын құқықтық нормативтік база: Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Талаптарға сәйкес мониторинг: - баланың жетістігін шынайы қадағалауға; - мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамытуда жеке тәсілді қамтамасыз етуге; - педагогтардың түзету шараларын шұғыл жоспарлау негізінде мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру процесін жетілдіруге; - баланың әрбір білім беру салалары және Үлгілік бағдарлама мазмұнын тұтас меңгеру деңгейін анықтауға ықпал етеді.

Ұсыныс: Білім беру салалары бойынша тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша жұмыстарды үйлестіру «Қуаныш» шағын орталығының әдіскері Г.Таштитоваға жүктелсе.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова Мектепшілік бақылау бойынша жоспарланған жұмыстарды баяндады. А) Білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу бойынша 9, 11 сыныптарда негізгі пәндерден мемлекеттік емтихан өткізіледі. 9 сыныпта 4 пәннен 11 сынып бойынша 5 пәннен соңғы емтихандары тандау пәндері бойынша өткізіледі. Биылғы жылдың ерекшелігі 5-10 сынып аралығында қазақ тілі пәнінен емтихан өткізіледі.

Ә) Мұғалімнің өзін-өзі дамытуға дайындық деңгейін анықтау.

Мұғалімнің өзін-өзі дамыту деңгейі бойынша жұмыстар жүргізілді. Жалпы мұғалім үнемі ізденісте болып өзін-өзі жетілдіріп отыру керек. Осы мақсатта ізденіспен шығармашылық жұмыс жасап жүрген әріптестер бар. Алдағы уақытта шығармашыл мұғалімдердің іс-тәжірибесін тарату мақсатында семинар өткізу жоспарланып отыр.

Б) Тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деңгейін бағалау тәжірибелерін анықтау.

Мұғалімдердің шығармашыл әлеует деңгейін бағалау мақсатында зерделеу жұмыстары жүргізілді. Шығармашылықпен жұмыс жасап ғылыми жоба, авторлық бағдарлама, әдістемелік құралдар әзірлеген әріптестер Бастауыш пәні мұғалімдері: Кәрібаева Б, Биманова Ж, қазақ тілі пәні мұғалімдері Жарболова А, Ұзақбай Ә. Биология пәні мұғалімі Ысқақова А. География пәні мұғалімі Каримова Ә. Орыс тілі пәні мұғалімі Асанова Ж. Тарих пәні мұғалімі Бөлебаева Б, информатика пәні мұғалімі Қосбанбетова Г ғылыми жобалар әзерлеп байқауларға шәкірт дайындады. Нәтижесінде Бөлебаева Б мен Қосбанбетова Г оқушылары ауданнан 1 орын иеленіп, облыстан сертификатпен марапатталды. Кәрібаева Б мен Биманова Ж оқушылары жүлделі 2, 3 орынмен марапатталды. Бөлебаева Б мен Қосбанбетова Г. Жарболова А авторлық бағдарлама мен әдістемелік құралдар әзірлеп әріптестермен тәжірибе бөлісті. Алдағы уақытта байқауларда жүлделі орын алып, жұмыстарын баспасөз беттеріне әлеуметтік желілерде жариялану керек деп есептеймін.

Ұсыныс: 2023-2024 оқу жылындағы мектепшілік бақылау бойынша жүргізілген жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланып, А) Білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу. Ә) Мұғалімнің өзін-өзі дамытуға дайындық деңгейін анықтау. Б) Тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деңгейін бағалау тәжірибелерін анықтау бойынша жұмыстарды саралау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсе.

Келесі мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова: ББЖМ және халықаралық зерттеулерге дайындық барысы туралы. ББЖМ мен халықаралық зерттеулер бойынша кестеге сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Дегенмен соңғы апта барысында дайындық деңгейі өз мәнінде өткізіліп жатқан жоқ. Соңғы алынған тест қорытындысы бойынша 9 сыныпта пәндер бойынша төмендегідей көрсеткіш көрсетті:

Оқу сауаттылығы бойынша 2 оқушы төмен көрсеткіш көрсетті

Математика пәні бойынша 3 оқушы төмен көрсеткіш көрсеткен

Химия, физика, география, биология пәндері бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен 3 оқушы. Бұл көрсеткіш дайыдық деңгейінің дұрыс жүрмегендігінен. Төмен көрсеткіш көрсеткен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуі тиіс. 4 сынып бойынша алынған тест нәтижесі бойынша төмен көрсеткіш көрсеткен 4 оқушы. Жалпы пәндер бойынша 4 сыныпта дайындық жұмысы жүргізілу керек. Оқушылардың дайындық көрсеткіші өте төмен екені белгілі.

Ұсыныс: 2023-2024 оқу жылындағы ББЖМ және халықаралық зерттеушілерге дайындық барысы «қанағаттанарлық» деп бағаланып, пән мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру бағытындағы жұмыстарға талдау жасау, саралау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға бекітілсе.

Шығып сөйлеушілер:

1. **Математика пәнінің мұғалімі М.Сердалиева:** Аталған мәселелерге өз пікірімді қосар болсам, биылғы оқу жылы өз жоспарына сәйкес, жауапкершіліктермен, сондай-ақ өзіндік қиыншылықтарымен де өтті деп ойлаймын. Алдағы 9 және 11-сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға дайындық әрбір пәндер бойынша жүргізілуде. Мемлекеттік стандартты меңгерген оқушыларға қорытынды аттестаттау материалдары қиын болмауы тиіс. Сонда да болса олқылықтардың орнын толықтырып, қосымша сабақтарға шақырып, тіпті психологиялық тұрғыдан да әзірлену қажет. Биыл 5-8, 10 сыныптар арасында да оқушылар қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырғалы отыр, әріптестеріме сәттілік тілеймін.
2. **Мектеп психологы- П. Үргенішбаева:** Пәндерден көрсеткіштері төмен пайыз болып тұрған 4 пен 9-сыныпты алдағы уақытта қосымша сабақтарға шақырып, білімдерін тереңірек зерделей түседі деп сенемін. Биылғы оқу жылы да өз мәресіне жетуге таяу. Жыл бойы жүргізілген жұмыстарымызды саралап, қорытып, тиянақтау үстіндеміз.
3. **Бастауыш пәнінің мұғалімі- Б. Кәрібаева:** Айтылған мәселенің бәрі де орынды, алдағы уақытта 4-сыныптың пән мұғаліміне бастауыш бірлестіктері қосымша тесттар дайындап беріп көмектесеміз деп шештік. Оқушыларымыздың білімі мектебіміздің білім көрсеткіші, айнасы екені даусыз. Сондықтан әріптестер де үнемі кәсіби дайындық үстінде болып, өзара тәжірибе алмасып, жетілуі тиіс. Себебі қазіргі оқушылардың заман талабына сәйкес қажеттіліктері де күн анап артып келеді.

Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2023-2024 оқу жылы бойынша көркем еңбек, АЭД, музыка, дене шынықтыру пәндерінің берілуі, 8-12 сәуір аралығында «Ұлттық құндылықтар - ұлт болашағы» атты бастауыш пәндері бірлестігінің, 15-19 сәуір аралығында ұйымдастырылған эстетикалық пәндер бойынша өткізілген «Өнер-канат, білім-санат» атты апталықтарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағаланып, озық іс-тәжірибелерді әлеуметтік және баспасөз беттерінде жариялап, насихаттау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсін.
2. Білім беру салалары бойынша тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларының даму деңгейі бойынша жұмыстарды үйлестіру «Қуаныш» шағын орталығының әдіскері Г.Ташитоваға жүктелсін.
3. 2023-2024 оқу жылындағы мектепшілік бақылау бойынша жүргізілген жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланып, А) Білім алушылардың қорытынды аттестаттауын өткізу. Ә) Мұғалімнің өзін-өзі дамытуға дайындық деңгейін анықтау. Б) Тұлғаның шығармашылық әлеуетінің деңгейін бағалау тәжірибелерін анықтау бойынша жұмыстарды саралау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға міндеттелсін.
4. 2023-2024 оқу жылындағы ББЖМ және халықаралық зерттеушілерге дайындық барысы «қанағаттанарлық» деп бағаланып, пән мұғалімдерінің кәсіби біліктіліктерін арттыру бағытындағы жұмыстарға талдау жасау, саралау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Ахановаға бекітілсін.

Директор жанындағы кеңестің төрайымы:

Ә.Кеулімжай

Хатшы:

А.Жарболова

